# *Мақала тақырыбы: «Қанипа Бітібаеваның технологиясын ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолдану»*

*Астана қаласы*
*«№64 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК*
*Ибраймова Тоқжан Бақытханқызы*
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*



Нағыз ұстаз есіміне лайық жандардың бірі, есімі аңызға айналған, жаңашыл ұстаз – Қанипа Бітібаеваның ұлағаты қазіргі таңда республика көлемінде ұстаздарға үлгі-өнеге мектебі болып отыр. Қазақстанның Еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мекмлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың жаңа жүйесін қалыптастырған Қанипа Омарғалиқызы – өткір ойы, батыл пікірі, оқу тәрбие процесін жетілдіруде тың серпіні бар тұлға. Республика аймақтарында шығармашылық зертханасы қалыптасқан, дәуір анасына айналған әдіскер мұғалім екені белгілі.

***Қ.Бітібаеваның «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» атты еңбегі әсіресе оқушыларды ғылыми-зерттеу жолындағы ізденіске баулудың түрлі әдістері жан-жақты ашылған еңбек деп ойлаймын. Қ.Бітібаева оқушыларды зерттеу жұмыстарына баулығанда мынадай ұстанымдарды жетекші бағыт етіп қолданғанын байқаймыз.***

# Бітібаева ұстанымдары

Оқы, еске ұста, үлгі ал...

Өзіңді-өзің оқыт, өзіңді-өзің таны, өзіңді өзгеге таныт

Өзің ойлан, өзің ізден, өзің шеш...

Өзіңді тану үшін өзіңді-өзің тірбиеле

***Сонымен қатар, өзінің «Ой тастау, ойлану, ойланту» технологиясында көрсеткендей, жобалау, проблемалық сұрақтармен жұмыс әдістерін де оқушыларды ғылыми зерттеу ізденістеріне баулуда жиі қолданамын.***



*-Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттер тізімін жасадық.*

*-Ғалымдардан ақыл-кеңес сұрадық.*

*-Тақырыбымызға қатысты бірге кино, телехабарлар көріп, тыңдадық.*

*-Ғаламторға жүгіндік.*

*-Үнемі бағамдау, байқау, іздеу, жинақтау жұмыстарын жүргіздік*

*-Тәжірибе жүргізіп, оның барысын, нәтижесін жүйелі түрде талдап отырдық.*
*-Күнделік жазып, жұмысымызды жазбаға түсірдік.*

*-Қорытынды жасадық.*
*-Жұмысты қорғауға дайындалдық.*

## «Жеті Жарғының» біз әр тарауының мазмұны мен қазіргі қолданып жүрген заңдарымыз — кодекстермен салыстыруды жөн көрдік.

| Тәуке ханның «Жеті жарғысы» | Қазіргі таңдағы әдет-ғұрыптық заңдар |
|---|---|
| 1-жарғы. Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын. (Бұл жарғы мемлекеттің бүтіндігі талабынан туды) | Қазіргі таңда қасақана кісі өлтірген адам өмір бойы немесе кемінде он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады |
| 2-жарғы. Түркі халқының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы халықтың ортақ мүддесі–елдің бүтіндігін қорғаған біртұтас қоғамдық сананың жемісі) | Онда бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айырылуға жатады деп атап көрсетілген |
| 3-жарғы. Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы да жабайылықтың төменгі сатысына тән кісі өлтірішулікке тыйым салған және мәдениеттіліктің белгісі ретінде танылуға тиіс өте елеулі жаңалық) | он жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады |
| 4-жарғы. Өзге біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзушыларға өлім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы да шаңырақтың бірлігін қамтамасыз еткен, неке парызына адалықты талап еткен маңызы зор жаңалық) | үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады |
| 5-жарғы. Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын. (Ол кезде «ер қанаты – ат» елдің, мемлекеттік соғыс күші ретіне бағаланады) | Үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. |
| 6-жарғы. Төбелесте мертігудің түріне қарай төмендегіше мүліктей құн төленсін: а)біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді,ал қызы жоқ болса қыздың қалыңмалын береді. ә)төрт мүшенің бірін мертіктірген кісі айыпқа ат береді | Бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшердегі түзеу жұмыстарына, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға жазаланады |
| 7-жарғы. Ұрланған жылқы, өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып төлеттірілсін | Бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады |

# *Қалалық кезең 1-орын*



«Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы

ASTANA DARYNY

Ұлттық "Зерде" конкурсы
*қалалық кезеңі*

I ДӘРЕЖЕЛІ

ДИПЛОМ

2-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының ұлттық "Зерде" конкурсы қалалық кезеңінің

Қазақ тілі мен әдебиет

секциясы бойынша жүлдегері

№64 мектеп - лицейінің

6 - сынып оқушысы

Аскатқызы Жаным

және мұғалімі

Ибраймова Тоқжан Бақытханқызы

МАРАПАТТАЛАДЫ

Директор Ғ.Тұрсынов

DZQ№-I-21 Нұр-Сұлтан | 03-04 ақпан, 2022ж.



«Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы

ASTANA DARYNY

Ұлттық "Зерде" конкурсы
*қалалық кезеңі*

I ДӘРЕЖЕЛІ

ДИПЛОМ

2-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының ұлттық "Зерде" конкурсы қалалық кезеңінің

Қазақ тілі мен әдебиет

секциясы бойынша жүлдегері

№64 мектеп - лицейінің

6 - сынып оқушысы

Ілескен Әсемай

және мұғалімі

Ибраймова Тоқжан Бақытханқызы

МАРАПАТТАЛАДЫ

Директор Ғ.Тұрсынов

DZQ№-I-22 Нұр-Сұлтан | 03-04 ақпан, 2022ж.

# *Республикалық қорғаудан 1-орын*



# *Көкшетау қаласы Республикалық 1-орын*



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

# АЛҒЫС ХАТ

2-7 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ
МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ
XVII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ЗЕРДЕ» КОНКУРСЫНЫҢ
ЖҮЛДЕГЕРІ **АСКАТҚЫЗЫ ЖАНЫМ мен ІЛЕСКЕН
ӘСЕМАЙДЫ** ДАЙЫНДАҒАНЫ ҮШІН

*Нұр-Сұлтан қаласы,*
*№64 мектеп -лицейі*

**ИБРАЙМОВА ТОҚЖАН
БАҚЫТХАНҚЫЗЫНА**

АЛҒЫС БІЛДІРЕМІН

**ДИРЕКТОР** **Т. НУРКЕШОВ**

ZRDE-2022-AH-190

КҮНІ: **2022 жылғы 9-11 ақпан**

Ақмола облысы, Щучье қаласы



# ***Қорытынды***

***Қорытындылай келе, жоғарыда айтып өткенімдей оқушыны ғылыми жұмысқа баулудың өзі сабақ барысындағы мәселе тудырып отырған тақырыптар арқылы туындайды дедік. Ал сол ізденіске құштар ұрпақтардың сапалы білім, саналы тәрбие алуына қазақ сөз өнерін оқытатын ұстаздардың қызметі айрықша бағалылығымен ерекшеленеді. Тәуелсіз елімізде ұлттық сөз өнерін оқыту мен жас ұрпақ тәрбиелеуде ерекше еңбек еткен Қанипа Бітібаеваның технологияларын, ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдарын, әдіс-тәсілдерін ұтымды қолдансақ, «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» атты мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқауды негізге алатын болсақ, болашағы жарқын, келешегі кемел тұлғалар тәрбиелейтінімізді үлкен үмітпен, зор мақсатпен айрықша айта аламын.***